

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оку жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Адося» балабақшасы

Тобы: «Еркемай» тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың күрүлу кезеңі: мамыр 2024 жыл

Aйы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда женіл киіммен журуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза аудада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қымылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза аудада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тынис алу жаттығуларын жасау. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлак, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай корғауга, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлакқа, мұрынга тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сактауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуды, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқылған шығармадан ең кызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталарап айтуда мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертеғілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p>

	Балаларды тақпактар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету
Казак тілі	<p>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде коршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атапарын өздігінен қолдануды қалыптастыры.</p> <p>Коршаған ортадағы күнделікті жіңіз қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «ага», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт тұліктің атапарын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыры.</p> <p>Баланың сөздік корын дамытуда, санамақтар, тақпактар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу..</p>
Математика негіздері	<p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстасу және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Енбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың енбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыныруышыға көмек көрсетуді үйлемдестеру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін колдау</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (сүңік, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу</p>
Күрастыру	<p>Балаларды ..растыру.а .ызы.ушылы.ын арттыру, конструкторларды. т.рлерімен таныстыру.</p> <p>..растыру да.дыларын дамыту, негізгі ..рылыс б.лшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, .шб.рыштар, призмаларды ақыратса білуге, атау.а ж.не .олдану.а .рету, б.рын алын.ан да.дыларды: т.сеу, бекіту, .ою. .олдана отырып, жа.а .имараттар салу</p>
Сурет салу	<p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстасуды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алғып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сүртіп кептіруді үйрету.</p> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парагина бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың ренктерін (қызыл, көгілдір, сүр) қолдану.</p>
Мүсіндеу	Сазбалышқтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалышқ, ермексаз кесектерінен бөліп алу,

	<p>домалату, шираду, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеуге үйрету.</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Бірнеше бөліктерді косу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру</p>
Жапсыру	Желімдеудін техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану..
Музика	<p>Музика тындау Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музика тындауға үйрету. Музикалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (акырын-катты), қаркыны (жылдам-баяу), көніл-күйі (мұнды, көнілді) байқауға үйрету.</p> <p>Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір каркында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипаттын жеткізу (көнілді, созып, ойнақы айту).</p> <p>Музикалық-ыргақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ыргақты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүргүре үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау</p>